

Т. Жұртбай*

*Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: zhurtbai@mail.ru)*

«Мен де оны тырнағынан таныдым...» (Абайдың астарлы сөздері)

Мақалада бүгінгі таңда абайтану іліміне қатысты ең өзекті мәселелер көтерілген. Абайдың өлеңдері текстологиялық-мәтіндік тұрғыдан талданып, ғылыми пайымдаулар жасалған. Абайдың азаматтық көзқарасына қатысты осы уақытқа дейін теріс түсіндіріліп, не бұрмаланып келген оқиғалардың астарын ашатын өмірлік деректерге негізделіп ұсынылған. Абайдың жеке өміріне қатысты зерттеулер мен естеліктердегі мағлұматтар архив мұраларымен салыстырылып, бір ізге түсіріліп, авторлық көзқарас тұрғысынан сараланған. Сонымен қатар, абайтану іліміне қатысты кейінгі жарты ғасырда айтылып жүрген әр түрлі сынаржақ пікірлерге тойтарыс берілген. «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» мен «Біреудің кісі өлсе — қаралы ол» және «Бай сейілді, бір бейілді» мен «Бойы былғаң, сөзі жылмаң», «Сегіз аяқ» өлеңдеріне мәтіндік талдау жасалған. Мазмұндық қолданысына қатысты сынаржақ пікірлер айтылған сөз, сөз тіркесі, өлең тармақтарына түсініктеме жазылған. Мысалы, киуа, ақ шом, табытын қаққан, баспақ, саспақ т.б. сөздердің қолданылу аясы, контекстегі мағынасы сараланған. Ақынның жарық көрген шығармалар жинағында берілген мәтіндік түсініктемелер де назардан тыс қалмаған. Мәтіндік талдаудың ғылыми бірізділігі жайлы да өз тұжырымдары ұсынылған.

Кілт сөздер: текстологиялық-мәтіндік талдау, авторлық көзқарас, азаматтық ұстаным, астарлы сөз, поэтика.

Kipicne

Даналардың ойы қашанда жұмбақ. Олар өздерінің емеуіріні мен сөз астары арқылы адамзаттың ойына мәңгілік ақыл азығын қалдырады. Ал көркемсөзде бұл ерекше тамырланып, барған сайын шорлана бермек. Шекспирдің «Быть или не быть!» («Гамлет»), Гетенің «Тыншығарсың сен-дағы» («Қараңғы түнде тау қалғып»), Пушкиннің «Мен де оны құлағынан таныдым, Ол да мені тырнағымнан таныды» («Евгении Онегин»), Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла!» – деген ұғымдарының астарын сарқа саралап, сарасын таптық деген сөзуар мен ойсоқтыны кездестіргеміз жоқ [1; 34]. Бұл ұғымдар жаңа заманның тумысымен түрленіп, бұрынғыдан да тереңдеп, мағыналанып, тамырланып барады. Шекспирдің шындықтың бетін ашуға ұмтылған сұрағы қазір «жаһанданып», философтар мен физиктердің, теологтардың түйсігінше ғаламдық ұғымдағы тектің тетігіне тіреліп, жаратқанға қаратылған қисынмен қиыстырып жүр. Гете дегдардың жігіт кезінде аңшының лашығының есігіне жазып кетіп, ұмытылып қалған өлеңін, қартайғанда өзі оқып, солқылдап тұрып жылағанын, нені еске алып күңіренгенін ұқыпты неміс зерттеушілерінің өзі сан-саққа балайды.

Оған қарағанда, XIX ғасырдағы бүкіл орыс қоғамының салтанатты тоқырауын кекесінмен астарлаған Пушкиннің өлеңіндегі: «Мен де оны құлағынан таныдым, Ол да мені тырнағымнан таныды», – деген емеуірінін түсіндіру оңайырақ. Салтанатты думанның ішінен қылт ете қалған «құлақ» —

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhurtbai@mail.ru

кәдімгі халық ауызындағы қалыптасқан «салпаңқұлақ», яғни, жандармерия тыңшысы. Атын атап айтсақ, атақты алаяқ жазушы, баспагер, 1812 жылғы Отан соғысының жауынгері Булганиннің «құлағы». Демек, Пушкиннің пайымдауынша, ол — сол салпиған құлағын жымыра жасырып, елдің өзін мазақтап тұрғанын түсінбейтін нағыз миқұла есек. Ал тырнағынан танылып тұрған арыстан — ақынның өзі. Демек, өр кеуде ақынның: «Сен — есексің, мен — арыстанмын. Сені мысыммен-ақ басып тұрмын» — дегені. Бұл — өлеңнің жай ғана бергі астары, ал түпкі нысанасы — барлық қоғамға тән түйсіксіз ажырық аран [2; 45]. Ауыспалы осы мағына Чадаевтан бастап күні бүгінге дейін Ресейдің аңғарлы зиялыларының астарлы тұспалына айналды. Көркем сөздің тұздығын келтіріп, ащы ойдың кермегін таттырып, емеуіріннің әсерін асырып келеді. «Құлағынан көрініп тұр емес пе», «тырнағынан танылды», — деп емеуірін танытсаң-ақ жетіп жатыр, айтар ойыңды одан әрі талдап, түсіндіріп, сұрап жатпайды. Мұндай таңдайының астына тиек қойған уытты сөздер мен тіркестер, астарлы ұғымдар мен емеуіріндер қазақта да қадау-қадау. Алысқа мекземей-ақ, бір «Абай жолының» өзінен-ақ ондап мысал келтіруге болады. Ал бұл ретте дана Абайдың жөні тіпті басқа. Әзілдің өзін астарлап айтатын, туысына да тұспалдап сөйлейтін, ішіндегісін емеуіріннен біл дейтін қазақ үшін мұның өзі үлкен ілім әрі жоралғы жоба. Оны ажыратпай ой адымын аттай алмайсың. Жоғарыдағы Шекспир мен Гетенің Пушкиннің емеуіріндерінің астары мен шығу тарихына, тарихи текстологиялық сипаттамасына, әлеуметтік астарына қатысты түсініктемелер мен зерттеулердің анықтамалық көрсеткіштері түзілген. Сондықтан да, ол даналардың «жасырын жұмбақтары» толық шешілмесе де, олардың нені мекзегені туралы молынан хабар алатындай ғылыми негіз жасалған.

Бұл өте өнегелі және үрдіс алатын ұстын. Себебі, данышпандардың әр сөзінің астарынан мағына іздеп, оны ұлттық идея дәрежесіндегі ұстанымға айналдыруға ұсыныс етіп жүргендердің саны біреу емес, бірегейлене бастады. Ал идея таза да адал түсінік, онда жасырын бейіл мен пейіл араласпауы тиіс. Яғни, ұлттық идея саф қалпында сақталуы керек. Абай поэзиясының астарлы мағынасы ашылып, «сырты күміс, іші алтын, айналасы теп-тегіс жұмыр келіп, бірыңғай келісім тауып» тұруы қажет.

Зерттеу әдістері

Ақын шығармашылығын зерттеуде әр түрлі әдістер қолданылады. Соның бірі тарихи тұлғаны зерттеудегі жүйелеу, талдау, салыстыру әдістері. Сонымен қатар логикалық талдау және талдау мен синтез, тарихи-жүйелік әдістері қолданылып, Абай Құнанбайұлының шығармашылығындағы астарлы сөздерге түсініктер берілді.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Даналардың шығармалары — күрделі көзқарасқа негізделген құбылыс болғандықтан да, олардың түпкі қозғаушы күші мен көркем ишарасының бұрмаланбай жетуі неғайбыл. Қазақта Абайдан көп басылым көрген ақын, зерттелген данышпан, зерделенген ғұлама жоқ. Алайда соңғы жүз жылдың ішіндегі басылымдар мен зерттеулер, текстологиялық салыстырулар мен өзгертулер, дәйектемелер мен тұжырымдар үнемі бір бірімен қайшыласып, не қарама-қайшы келіп, бір-біріне «тура келмей, қырын келіп» жатады. Бірыңғай сипатта тұтастық ала бағаланған туындыны табу қиын. Тұспалды мәтіндер — ұлттық рухтағы ақындардың бәріне тән. Бұл әдебиеттану іліміндегі теориялық, тілдік, текстологиялық шетін мәселе. Бірақ та дәл Абай сияқты шығармашылығы тұтастай «жұмбақ мәтіннен құралған» ақын қазақта сирек. Заман ағымы, оқырмандардың тілді қолдану қоры, көркем мәтінді қабылдау қабілеті, әсерлену тәсілі, елестету мүмкіндігі, сезіну жүйесі, жеке сөзді түсіну аясы мүлдем өзгеріп барады. Архаизм сөздер ғана емес, бүтіндей бір шумақтар бұлыңғыр тартып, өлі тіркес қалпында көз қарықтырады. Оларды түсінбей, не түсіндірмей Абайдың жүрегіне терең бойлай алмайсың. Басқаны былай қойғанда, күнде радиодан естіп, әбден құлаққа жатық болған: «Алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылған. Қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған», — деген өлең жолдарындағы: «Қиуа» деген сөз қандай астармен қолданылып тұр» — десе не деп жауап берер едіңіз? Әр сөздің түсіндірмесін компьютерге түсіріп алған қазіргі есепшіл, әсершіл жасты жалпы өлеңнен алған әсермен уата да, сендіре де, тіпті, дәлелдей де алмайсың [1; 423].

Шындығында да, осы Қиуа деген не мағына береді? Хиуа — кезінде қазақ үшін экзотика болған шаһардың аты. Алыс, тосыннан кездескен адамды: «Хиуадан кездескен қарағым-ай» — деген. Ал онда неге «шабады, қисынын қалай табады, тағыны неге қайырады?» — деген сұрақ туады және айдаладағы шаһардың тағы аңға қандай қатысы бар? Көркемдік те, өмірлік те логика қайсы? Біздіңше, кезінде бір рет пікір таластың негізіне айналып, іле жауапсыз қалып, қанша текстологиялық салыстырулардан өтсе де, жинақтан жинаққа Қиуа болып өзгеріссіз келе жатқан дәл осы «Хиуаның»

осы араға килігуінде ешқандай логика жоқ. Бұл ешқандай «Хиуа» шаһары да емес, Абайдың «Бүркітші» атты өлеңіндегі кәдімгі — қиын қия, қиян деген сөз. Саятқа шыққанда түлкі бұтаға бұғып, жартасқа тығылып, қиын-қыстаулы шатқалға түсіп кетпес үшін қағушылар қиын-қиын жерге тосқауыл қойып, аңның алдын орап, жасқап тұрады. Ашыққа шыққан соң ғана қыранның томағасын сыпырады. Қансонардан шабыттанып, «алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылған» кезде ғана ақын «қиыннан (құз-қиядан) шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырады», яғни, «қуатты ойдан бас құраған» өлең шумақтарын қағазға түсіреді. Көшпелі өмірдің тоятты шағы да осы қансонар. Ендеше, жинақтан жинаққа ауысып келе жатқан Хиуамыз қай Қиуа? Орынсыз астарлы экзотика мен символика іздеп, көшпелілердің көркем көрінісінен көз жазып қалғанымызды өзіміз де қызды-қыздымен аңғармай қалған сияқтымыз. Демек, біз бұл мысал арқылы, астарсыздан астар іздеген әсіре әсердің жетегінде кеткенімізді анық байқаймыз.

Кезінде осы «Сегіз аяқтағы»: «Күпілдек мақтан, табытын қаққан, аңдығаны, баққаны» — деген жолдардағы «табытын қаққан» дегеннің мағынасын түсінбей, оны өзге де Абай өлеңдерін өзгертудің үйреншікті жолына салып, «тағыны қаққан» (аң қаққан) деп өзгертуге ұмтылғандар болған. «Неге бос тұрған табытты қағады, қазақ аңды қағады» — деп «ғылыми сипаттама» берушілер де табылған. Ақырында М. Әуезовтің де қиналыңқырап барып: өлім азайып, жаназа шығару тоқтап, мешіт қайырсадақасыз қалғанда, мәйіт жөнелтушілер табытты таяғымен қағып, қаза тілейтінін — айтып, Абайдың дұрыс қолданғанына көз жеткізіп, арнайы түсініктеме беріп, өзгерісті тоқтатқан [3; 24]. Әйтпесе, қазір біз осы күндері: «Күпілдек мақтан, тағыны қаққан» — деп тақылдап жүретін едік. «Табытын қаққан» мен «тағыны қаққанның» арасындағы көркем және мағыналық астарлы айырмашылық пен әсер қуатының әр күйге түсіретін тітіркендіруші күшінің поэзиялық шамырқанысын терең сезінбес едік. Ал «табытын қаққан» деу арқылы Абай танымдық тұрғыдан да, бейнелік тұрғыдан да адамды шіміркендіріп тұр. Күпілдек мақтан иесі мен табытты қаққан мәйітшінің пиғылы мен қимылы тұтаса келіп, соншалықты жеккөрінішті қосарлы жағымсыз образға айналған. Мұнда көркемдік қисын да, қиыннан қиыстыру да, қосарлай астарлап шенеу де бар.

Осындай қосарлы астарлау мен тіркес арқылы күрделі әрі сол тұстағы көшпелі өмірде әркім аңғара алатын, дәл қазір архаизмге айналып кеткен қос тармақтар Абайда жиі қолданылады. Тіпті кейде екі өлеңді салыстырып оқып, ақынның сол сәттегі көңіл-күйі мен күйтеген ойын тауып алып, әр қайсысын бұтарлай талдамаса, бірінің әсері екіншісімен үйлесіп, жаңғырығы жаңылыстыратын, тіпті, көзқарасыңды өзгертіп жіберетін туындылар бар. Соның қатарына «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» мен «Біреудің кісі өлсе — қаралы ол» және «Бай сейілді, бір бейілді» мен «Бойы былғаң, сөзі жылмаң» өлеңдері жатады. Мұндағы идея да, тақырып та, көңіл-күй де, буын да, ішкі ырғақ та, көркемдік, түрлік әдіс те бір-біріне сарындас. Шумақ аңдып оқымаса, біріншісінде айтылған: «Танымадық, жарымадық, Жақсыға бір іргелі» — дегеннен кейін: «Байы — баспақ, биі — саспақ, Әулекі — аспақ, сыпыра қу» — деп жалғастырып айта берсең, екеуінің екі өлеңнің үзіндісі екені байқалмай да қалады. Объекті де, әсер де, шығарушы да бір болғандықтан, бірінің ассосативті әсері екіншісімен заңды түрде сарындасып, жарыса әсер қалдырады.

Зерделеп, саралап, автордың көзқарасы мен өлеңдегі басты нысандағы адамды қамырдан қылды сурытпақтағандай етіп тартқанда ғана ақынның нақты ойы ашылады. Ажыратып қарасаң, екі өлеңнің кейіпкері екіұдай нақты адам. «Бай сейілдідегі» лирикалық басты жағымсыз кейіпкер — «тар ниетті, өз елін өзі төрден үрген ит құсап аңдыған» пәлеқор, «бейілі шикі, ақылы күйкі», «басы мен аяғы бір есеп» итаршы болыс. Аласапыран науқаншыл, асыра сілтеуші, шаш ал десе — бас алған бүгінгі орындаушы үгіт-насихатшылар мен мәслихатшылар. «Бойы бұлғаңдағы» басты мүскін — бай адам, ал оны сорған жағымсыз міскін — қағынған қара өкпелер, бүгінгі тілмен айтсақ, бопсашы рекеттер, делдалдар, үстеме ақы қосатын ысқаяқтар. Алдыңғы өлеңде елдегі сияз бен ойдағы ояздың арасындағы құйыршық билік иесін кекетеді. Екінші туындыда Абай адал малына иелік ете алмай, «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң, түзде мырзаң, үйде сырдаң, адам аулап, сыпыра жаулап, байдың атын саудалап, алмалап» жүрген «кедейі — ер, кеселі зор, малды байдан сорлы жоқ сыпыра жылманды» суреттейді. «Ел қағынған соң, мал сабылған соң: байы — баспақ, биі — саспақ, әулекі — аспақ, сыпыра қу» болды дейді ақын мал иесіне жан тартқан сынай танытып.

Зерттеушілер осы екі өлеңдегі екіұдай кейіпкерді жинақы бір образ ретінде талдап, басты кейіпкер есебінде зәлім байдың кескінін сұлдер етеді. Біздің аңғаруымызша, екінші өлеңде «өз малына өзі ие бола алмай отырған» сорлы байға ақынның жаны ауырады. Кеселі зор бопсашыл кедей тұрғанда, оған «еш көмектің, жемдемектің, босқа әлектің орыны жоқ. Сондықтан да, «байы — баспақ, биі — саспақ» — дейді. Ал осындағы «баспақ» пен «саспақ» деген не? Неге байды — баспақ, биді

саспақ — дейді? Ешқандай компьютер де, интернет те оған түсініктеме бере алмайды. Бұл мәтінді оқырманға қалай ұғындырамыз? Өлеңнің ырғағы мен көңіл-күйін бағып отырып, әйтеуір бір жағымсыз ұғым екенін топшылаймыз.

Өткен өмір, кеткен күндердің бір жазында көл жағасында сырбаз сөздің иесі Аманжан Жақып ақын мен белгілі пәдіретші Қуаныш екеуінің осы мәселе жөнінде пікір іздестіріп, ел арасынан соның мағынасын қузап жүргенінің куәсі де болғаным бар. Ақыры ол таласқа өзім де араласып кеттім. Абай: бай мен биді неге баспақ пен саспақ — дейді және оларды жақтап отыр ма, ақтап отыр ма? Бұрын — «баспақ» дегенді қорғаншақ, аямшақ, шешімсіз деп түйсінетінмін. Ал «саспақ» дегеннің түбірін «сасудан» туындатып, бүгінгі алған парасы жария болмай тұрғанда, асып-сасып үкім шығаратын паракор әрі жылмақай биді — сотты мекзейтінмін.

Ал, сөздің түпкі тегін іздесек, ол былай екен. Баспақ — қара мал атауы. Екіншіден сиырдың екі бақайының арасына шығатын кесепатты жұқпалы бөрткен. Мал аяғын баса алмай, баспақтап қалады. Ақыры асқына келе еті қарайып, қанталап, арам қатады. Сонда Абай өзіне де, еліне де пайдасы жоқ, тәуекелсіз қорғаншақ, ақыры «сабылатын малды» «айтты — көндім, алды — бердімге» салып отырған шарасыз байды мекзеп отыр ма? Нағашым, марқұм Серік Жентбайұлы Қоспақовтың пайымдауынша: баспақ деп — аттың терісінен жасалған, ауызы бүрілген шөншікті айтады. Байлар өзінің қолына түскен құнды бұйымды шөншіктің тар ауызы арқылы соның ішіне баспалап, нығарлап сала береді. Ырысым шашылады деп ырым етіп, оны ашпайды. Кейін не тыққанын ұмытып та қалады. Сараң байлар өлген соң ғана әлгі баспақты тіліп ашады. Абайдың мекзеп отырғаны осы баспақ, яғни, сараңдық болуы да мүмкін.

Қош, баспақтың мағынасы мұнымен де таусылмайды екен. Мені, яғни, абайтанушы деп жүрген жиенін сыннан өткізбекші болған-ау, ертеңінде осы әңгімені нағашым тағы да ортаға салып, бір тәмсіл айтты. Аманжан ақын оны қостады. Нағашымның бұл жолғы айтуынша: баспақ — деген саулыққа семіздіктен келетін дерт екен. Көктемде күйлі саулықтардың іш майы мен ішегі төлге оратылып, бунақталып қалатын көрінеді. Сөйтіп, семіздіктің кесірінен саулық та, төл де шығасыға, бос расуаға жатады. Абайдың мекзегені осы баспақ. Байдың жеке басы күйлі-қуатты, бірақ оның өзінен де, байлығынан да не өзіне, не елге пайда жоқ. Сондықтан да, «еш көмектің, жемдемектің, босқа әлектің орны жоқ» — деп отырғаны анық. Ал біз осының қайсысына иланамыз. Қалай десек те баспақтың беті ашылды. Әйтеуір туытында тұншыққан тұмса байлықты мекзеп, астарлап айтады екен. Ал «саспақ» дегеніміз — біздің түйсігімізге мүлдем жат, бүгінгі ұрпақтың түсіне де кірмейтін ұмытылған ұғым болып шықты. Көшпелі жұрт төрт түліктің жайын, ауа райын, алдағы қыстың жұмсақтығы мен қаталдығын, көктемнің ұзаққа созылар-созылмасын көршісінің қас-қабағынан бетер жіті аңғарған. Өйткені, ырыс-құты, өмірі мен өрісі соған тікелей қатысты болған. Сондықтан да, көктемде жұтап қалмас үшін күйектің уақытын қатаң белгілеген. Уағынан ерте саулық пен ешкінің мазасын алатын қошқар мен текеге күйек байлап, саяқ ұстаған. Күйек шыбығын қажап, белі сыздаған, үсті сатала-сатала, әр нәрсеге бір ұрынып, бақылдап, қадірі кеткен сідік сасыған текені «саспақ» деп атапты. Енін тартып, ақтап жіберуге болмайды, ешкісі төлсіз қалады. Сүйкімі мен тыныштығы тағы жоқ ол текенің. «Ақы берген, айтса көнген, тыныштық іздер ел де жоқ» — деп ойын дамытып отырғанына қарағанда, Абай билерді саспаққа теңеу арқылы, би сайлайын десе — сиязға ерте, сайламайын десе — бақылдап әкетіп барады, мүлдем сайламайын десе — бисіз қалады. Ал мына бидің құр домбытпасы, күпілдегі, жалған сөзі, сатымсақ билігі, жұтуын — жұтып қойып сіңіріп үлгермеген парасы дүмін бүлкілдетіп, сол арадан жылдам кетіп қалуға асығып-сасқаны әлгі күні-түні орынсыз бақылдаған теке сияқты сүйкімін кетірген. Бірақ, жұрттың шыдамасқа амалы жоқ, еріксіз көнеді — деген ишараны өлеңмен астарлап жеткізсе керек. Шындығында да, биліксіз шолақ белсендінің сазайын бір халық тартса, ол осы қазақ жұрты шығар. Өткен ғасырдың елуінші жылдарына дейінгі естиярларға түсінікті болған, дәл қазіргі кезде архаизмге айналып кеткен шумақтың бірі Абайдың «Күз» өлеңіндегі: «Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен, Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен» — деген жолдардағы «ақ шомшы» деген сөз. Барлық басылымдарда оған: «Астық екпеген ел басқа елге түйемен барып астық алып қайтады, сонда түйе бос барады да, шом артады» — деп сілтеме жасалған. Жалпы ұзын-сарыны бұлдыр-бұлдыр елес бергенімен де, екіұшты мағынасыз көріністі көз алдына әкеледі. Осыдан біраз жыл бұрын «ақ шомды» басқаша пайымдаған жазушы, марқұм Кәрібай Ақметбектің көлемді мақаласы «Егемен Қазақстанда» да жарияланды. Ондағы «Ақ шомның» ұғымы қиыстау түсіндірілген сияқты. Ақ шомды тура және бейнелі мағынасында екі түрлі түсіндіруге болады. Бірінші, «Ақ шом» — тұрмыстық, әлеуметтік, экономикалық термин. Ол көшпелілердің сонау әлмисактан бергі өмір сүруінің бір формасы әрі

тіршілік кепілі. Жібек жолының алтын өзегі. «Ақ шомның» басы, шығыста: сонау — Алтайдан, Тарбағатайдан, солтүстікте — Ібір-Сібірден, батыста — Еділ-Жайықтан, Дөң мен Азаудан басталады. Шеткі, түпкі ауыл ерте қамданады. Шығатын мезгілі ерте хабарланады. Соған орай белгіленген «Ақ шомның» жолында отырған ел-жұрт ығысып, жолдан көші-қонын жырақтатады. Ал, әр ауылдың кірешілері түкпірден шыққан «ақ шомшыларға» жолай қосылып, қайтқан қаздар сияқты тізбекке ұласады. Әр ауылдың керуенінің өз сәні өзінде. Құрметпен көрісіп, сый-сияпатпен шығарып салады. Базардан қайтқандағы «базарлықтың» жөні бір басқа, әркім қиырдағы құда-жекжатына, нағашы-жиеніне, жезде-балдызына, бауыр-бөлесіне сарқыт беріп, қыстан аман-есен өтуіне тілектестігін білдіріп жатады. Сол көшпен ұзаққа ұзатылған қыздарының жағдайын біліп қайту үшін құда балалар ақ шоммен ілгер-кейінді еріп те кетеді. Міне, сөйтіп, «Ақ шом» — көшпелі жұрттың тілінің, ділінің, тілінің, ұранының, ынтымақ-мүддесінің бірлігінің кепілі болған. Оған мысал: біздің жыл қайыруымыздан бұрын-ақ жағырапия ғылымының атасы Страбон: «Көшпелілердің батыстан — шығысқа, солтүстіктен — оңтүстікке созылып жатқан сауда жолы бар. Бұл жолды олар көзінің қарашығындай сақтайды. Оған қауіп төндірген елді жермен жексен етеді. Өйткені бұл олар үшін өмір жолы. Ол бұзылса — бүкіл көшпелі экономика бұзылып, аштыққа ұшырайды. Өйткені сол жолмен олар қары қалың жаққа астық тасиды, жазда тері-терсегін өткізеді» — деп жазған болатын [4; 188]. Бұл «ақ шом» көшпелі экономикасы қашан Ресейдің жәрмеңкелері ашылғанша толас тапқан жоқ. Күзде тері-терсек, жүн теңдеген, жолай әр ауылдан қосағына жетек атан қосылған түйелер керуені қаздай тізіліп оңтүстікке бет алады. Олар әлмисақтан бері белгіленіп қойылған, ата-бабасы «Ақ шом» заңы бойынша уағдаласқан елге барып, тері-терсегін былтыр келісілген уәде бойынша өткізіп, тиесілі астығы мен бұлды алып қайтады. Алушы да, сатушы да, керуенбасы да, ауыл да өзгермейді. Бірі — одан басқаға өнім өткізбейді, екіншісі одан басқаға сатпайды. Өйткені, мындаған жылдар бойғы қалыптасқан сауда заңы солай. Екінші жақтың шығынға не аштыққа ұрынуы мүмкін. Сонда, отырықшы жұрт, өзінің тұтынушысына тегін несие беріп, қоңсыма жәрдем — деп тегін базарлық, яғни, сәлем-сауқыт жолдайды. Кім де кім себепсізден себепсіз уәде бұзса, аса үлкен айып төлейді. Сондықтан да, келісілген уақытта түйеге қом салынып, дер кезінде аттанады. Міне, Абайдың: «Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен» — дейтіні осылар. Екінші бейнелік мағынасында: аспандағы қаз бен тырнаның жердегі суретіндей болып тізіліп бара жатқан керуеннің күздің бір уақыт белгісіндей болған әсем көрінісін суреттейді. Бұл сурет «Абай жолында» сондай әсерлі бейнеленген. Сондықтан да, кейбір түсініктемелер мен жоғарыда аталған мақалада айтылғанындай «ақ шом» дегенді кәдімгі түйелі көшпен, ақ және қара шомның түсімен шатастыруға болмайды. Мұнда көшпелі әлемнің өмір сүру қажеттілігі мен эстетикасы, мерзімдік өлшемі жатыр. Біз жоғарыда Абайдың қосарлы тақырыптас, қыстырмалы астарлас өлеңдерінің қатарына «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» мен «Біреудің кісі өлсе — қаралы ол» туындысын жатқызған болатынбыз. Бұл өлеңдердің шумақтарын бір-біріне ауыстырып қолданса, еш ағаттық байқалмайтыны да рас. Басты идея: сөздің патшасы мен сарасы — өлең, ал өлеңде сол өлеңнің ұлы талап пен оның астары туралы: «Сөзге — жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деп бастап, екіншісінде: «Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе, Оған кімнің ұнасар таласуы» — деп жалғастырып отырады. Зерттеушілер мен түсінік берушілер осы екі өлеңді талдағанда, міндетті түрде, бір пікірді тілге тиек етіп, бірегей де бірбеткей тұжырым жасайды. Тағдырдың жазуы солай ма, жоқ, заман екпіні ме, әлде адамдардың ала мысық пейілі ме, басынан дау арылмайтын бір тұлғалар мен түйнекті тіркестер болады. Екі жүз жылдың ішінде екі жаһангер империяның қысымын көріп, өзі өлсе де өлеңі қудаланудан көз ашпаған, бірақ екі заманның екпіні де ештеңе істей алмай, керісінше барған сайын тұлғалана түскен, «дулатуы мен шулатуын» қоймаған тұлғалардың бірі — Дулат пен Шортанбай ақын және Абайдың осы екеуін ауызына алған сөзі. Ресей мен кеңес үкіметінің күші келмеген Дулат пен Шортанбайды үшінші бір күш — қазақ қауымдастығы қазақы қазымыр тәсілмен жіліктеп жатыр. Және бұл Дулат пен Шортанбай үшін ең қауіпті кедергі болмақ. Осы бағыттың беті бері қарамаса, Абайдың өзі аузына алып, ұстаз тұтқан Дулаттың, Шортанбайдың түте-түтесі шығып, олардың мұрасының «бірі — жамау, бірі — құрау» боп, түк те қалмауы мүмкін. Бұл түйткіл Абайдың туғанына 150 жыл, Бұқардың туғанына 300 жыл, Дулат пен Шортанбайдың туғанына 200 жыл толуына орай өткен, қазіргі күнде өтіп жатқан, алдағы уақытта да өтетін ғылыми мәжілістерде тиянақталуы тиіс еді. Алайда ол мәселе байыбымен шешуін таппады. Бұған басты ілгешек болып отырған сөз — астарлап та, астарсыз да тура айтылған және абайтанушыларды бір ғасыр бойы сарсаңға салып, әр басылымда әр түрлі жазылып, әр қалай пайымдалып та, хатталып та, жатталып та келген, соны айтып тұрып та көкейіңе

күдік ұялайтын, үнемі: олай емес, былай жазылғаны дұрыс — деп түсіндіруге мәжбүр болып жүрген Абайдың:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі — бірі жамау, бірі — құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау! — деген әйгілі жолдары [1; 26].

Мен дәл қазір осы шумақтың басынан кешкен текстологиялық тауқыметіне тоқталып жатқым келмейді. Тек ұзақ жылдар бойы Шортанбай мен Дулаттың, Бұқардың «өлеңінің бәрі — жамау, бәрі — құрау» болып, «кемшілігі әр жерден көрініп тұрғанына» да тоқталмаймын. Шүкір, кейінгі басылымдарда, бәрі емес, «бірі — жамау, бірі — құрау» боп өзгерді. Бірақ, соңғы академиялық басылымдағы «кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау» — деп өзгертілгеніне қосылмаймын да, оны қабылдамаймын. Дұрысы, «Кемшілігі әр жерде көрініп тұр-ау» — деген жолдар деп түсінемін. Өйткені «көрінеу тұр-ау» деген тіркес өзгені былай қойғанда, кәдімгі поэзияға тән үндестік пен ырғақ үйлесімінен ада, тұтқыр. Абайдың өлең сөзге қойған өз шартына сай «тілге жеңіл емес, жүрекке жылы тимейді». Мәселе мұнда да емес. Мәселе, осы өлеңде Абай шынымен де: «Бірі — жамау, бірі — құрау» деп Бұқар жырау мен Шортанбайдың, Дулаттың өлеңдерін айтып, сынап отыр ма? Басты түйткіл осы: «Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап. Ақындары ақылсыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап» — деп осы үш дегдарды мекзегені шындық па?

Бұрынғы кезде, Абай осы өлең арқылы: «Дінді, орта ғасырды көксеген Бұқар, Шортанбай, Дулат сияқты бай, феодалдардың жыршыларын, орыс халқының демократиялық мәдениетінің қазақ арасына тарауына, орыс, қазақ достығына қарсы бағытталған олардың идеяларын әшкерелейді», — деп тура осылай сабақтайтынбыз. Тек М. Әуезов қана үшеуін қорғаштай майдалайтын. Қазір не өзгерді? Рас, діншіл, орта ғасырды көксеген, орыстың демократиялық (шындығында, самодержавиелік) мәдениетіне қарсы делінген идеологиялық бағаны алып тастадық. Бірақ, олардың ең қасиетті де күдіретті жырына берілген бағаны баяғыша тәпсірлеумен келеміз. Енді: — Иә, Абай ол үшеуін сынаған, бәрі жамау емес, бірен-сараны ғана құрау. Өйткені Абай жаңа заманға сай поэзия талабын алдыға тартады — дейміз күмілжіп. Менің ойымша, мұның жауабы мүлдем басқаша және Абайдың бұл өлеңінің Бұқардың, Шортанбайдың, Дулаттың өлеңдеріне еш қатысы жоқ. Әңгіме, олардың 1880 және 1888 жылы басылып шыққан «Өсиетнама» мен «Бала зар» атты жинақтары туралы болып отыр. Оған дәйек, біріншіден:

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңінде бұрынғы ақын-жыршыны мазақтамайды, керісінше, «Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған, Би де таппақ, мақал бар, байқап қара», — дейді. Демек, өткен күннің ақындарының бетіне күл шашып отырған жоқ. Қайта: «Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ, Ондай жерде сөз айтып болма мазақ. Біреуді — олай, біреуді — былай қарап, Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ», — деп сөзді бөліп жарма, біреудің сөзін асты-үстіне төңкерме, шатастырма. Олай, былай сапырылыстырма — деп сақтандырады. Неге бұл арада сақтандырады және өзің де мазақ болма, өзгені де мазақ етпе дейді?

Өйткені, сауатты Абай қазақ жырауларының екеуінің де баспадан шыққан кітабын алып оқыған. Тіпті екеуінің де қолжазба нұсқасы Абайда болуы да мүмкін. Өзге-өзге, Дулаттың өлеңдерін жасынан жаттап өскені, көшіріп алғаны, үлгі тұтқаны анық. Енді сол кітаптағы және қолжазбадағы, немесе өзі жатқа білген тұстарды кітаптағы мәтінмен салыстыруы заңды. Тіпті, Абай үшін міндетті іс. 1888 жылы шыққан Шортанбайдың кітабы мен 1880 жылы шыққан Дулаттың кітабын Семейден, не Қазанның өзінен алдырған. Ол кәміл мәселе. Екеуін оқып шығып, екі кітаптағы жазылған сөзді бір-бірімен салыстырған. Өзі жастайынан жаттап өскен және үлгі тұтқан Бұқардың, Дулат пен Шортанбайдың өлең-толғаулармен де ойша жолма-жол салыстырып екшеген. Абайдың өзі «сөз танитұғын кісі болғандықтан» да, екі жинақтағы жазылған өлеңдердің арасындағы айырмашылықтарды, Бұқардың сөзінің Дулатқа, Дулаттың сөзінің Шортанбайға, керісінше, Шортанбайдың сөзінің Дулатқа ауысып кеткенін көрген. Ішінен өкінген. Өкінішпен, реніш араласа отырып, өлең сөздің қадірі туралы: «Әттең! Өлең сөздің — патшасы, сөз сарасы еді ғой. Мында құрақ боп басылғаны несі екен», — деп кітаптың әр жерінен көрініп тұрған кемшілікке налыған, ойға қалған. Сөйтіп, қолға қалам алған.

Бұл арадағы сөзіміздің ең басты дәлелі «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» атты өлеңі де тура сол 1888 жылы жазылған. Өлеңнің шығуына басты себеп болып отырған жағдай да сол кітаптың ала-құла құрастырылуы. Шындығында да бір өлеңнің басы бар, аяғы жоқ. Екінші өлеңнің басында үшінші

толғаудың аяғы жүр. Ырғағы да, ұйқасы да, мағынасы да, желісі де бұзылған. Бір жерін екіншіге апарып жамаған не құрастырған. Тұтас туынды жоқ. Абайдың өзі айтқандай, қазақ тілі мен жырдың құрылымын, тақырып желісін еркін ажырата алмағандықтан да, шығарушылардың «біреуі олай қарап, біреуі былай қараған», яғни Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жыраудың өлеңінің «бірін — құрау қып, бірін — жамау қып» бастырған. Сондықтан да ашынып: «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, өлеңі (кітабы деп түсініңіз — Т.Ж.) бірі — жамау, бірі — құрау. Әттең, дүние-ай, сөз таныр (қазақша емле білетін — Т.Ж.) кісі болса, Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау» – деп өкінген.

Жалпы үш ұстазының шығармашылығына емес, олардың жинақтарының жамалып, құралып шыққанына наразы болған. Бұл дегеніңіз ұстаздарын жаппай жазғыру емес, қайта жаны ашу. «Біреудің кісі өлсе, қаралы ол» өлеңінің де түпкі емеуіріні — үлгі. Мадақтау жырының іші сынға емес, жылылыққа толы: «Сүйсінерлік адамды құрмет қыл. Түгел сөзді тұтас тыңда. Әттең, дүние-ай! Шортанбай мен Бұқардың, Дулаттың сөзі мазақ болды-ау. Наданның көңілін ашып, солар үлгі алсын, түзетсін — деп мақсат етіп осы өлеңді жаздым» – деп отыр емес пе.

Ендеше, «сөз түзелді», біздің де көзқарасымыздың түзелетін кезі жетті. Бұрынғы айтылып жүрген әсіре пікірлерді енді мүлдем басқаша бағамдаған дұрыс.

Екінші уәж — Дулаттың ақындығы мен тілін зерттеуге ерекше үлес қосқан аяулы ғалым Құлмат Өмірәлиевтің пікірі. Ғалым өзінің «Қазақ поэзиясының жанры және стилі» атты Дулат туралы монографиясында: 1880 жылы Қазан қаласында Мәулекей Юмашков бастырып шығарған «Өсиетнама» жинағындағы Дулаттың өлеңдерін бүтіндей жоққа шығарып, оны Шортанбайдың қанжығасына байлап береді. Х.Сүйіншіәлиев пен Ы.Дүйсенбаевтің, сол арқылы М.Әуезовтің Дулат туралы пікір-зерттеулеріне мойынсынбайды. Ол «Мәулекей деген бір қиссашыл молда ақынға сеніп, «Өсиетнаманы» Дулат жырауға қалай таңа салдык?» – деп сұрақ қояды [2; 234]. Оған мысал ретінде:

Ұл силамас атасын.
Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын.
Қазы, болыс, хан қойды
Қайда бір некесіз туған шатасын.
Өзі қылған өкінбес,
Күнінде сонан татасың.
Сол заманның кезінде
Қыз силамас шешесін,
Ер жеттім деп шаштасып,
Салыстырып дүниесін.
Старшын қойып,
Пысықсыған немесін, –

деген В.В. Радловтың 1888 жылы бастырған жинағындағы Шортанбайдыкі деп берілген мәтінді келтіріп, оны содан сегіз жыл бұрын, яғни, 1880 жылы жарық көрген «Өсиетнамадағы»:

Ұл силамас атасын,
Атасы бермес батасын.
Старшын, болыс қойыпты,
Қайдағы асылзадасын.
Өзі қылған өкінбес,
Күнінде содан тартасың.
Сіз біл деген бала жоқ,
Келіні боқтар анасын.
Сіздер деген келін жоқ,
Өз пиғылыңнан табасың, –

деген жолдармен салыстырады.

Егер қазақ өлеңінің осындай дәстүрлі сарындастығы мен өзара жалғастығын көшірмешіге санасақ, онда Бұқар жырау мен Қайып пен Кененнің арасындағы 300 жылда бірде-бір ақын қалмайды. «Он жаста ойнақтаған лақтайсын» деген бір мен жүзге дейінгі адам жасы туралы салыстырмалы теңеулерді қолданған ақындардың бәрі де көшірмеші боп шығады. Ал, өзге-өзге Кененнің «Ақ ешкісі» мен «Егіз лағы» оның поэзиясының трагедиялық шыңы болып табылады.

Заман ақыр болғанда.
Алуан, алуан жан шықты.

Қайыры жоқ бай шықты,
Самауыр мен шай шықты («Өсиетнама»).

Мынау ақыр заманда,
Алуан, алуан жан шықты.
Арам, араз хан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты, –

деген екі мысал да солай.

Мұндай ұйқасты сөз тіркестер мен теңеулер ауызекі сөйлеу мәнерін меңгерген барлық шешендер мен билерге, суырып салма ақындарға тән.

Екінші: Құлмат марқұмның: «Өсиетнамадағы» «Шортанбай өлеңін неге көрмедік? «Өсиетнама» мен Шал өлеңдері арасындағы жақындық жайлы неге бір ауыз пікіріміз жоқ» – деген уәжіне келтіретін дерегі мынадай:

Ата-ананың ақылы,
Қазылған қара жолмен тең.
Иманнан көрген қорлығың,
Көксіңе біткен шермен тең («Өсиетнама»).

Атадан мирас ақылың,
Түзік айтқан мақұлың,
Ләзім болған іспен тең.
Жаманнан көрген қорлығың,
Көкірекке біткен шермен тең (Шал ақын) [5; 225].

Ауыз әдебиеті мен айтушы арқылы таралған халықтық жырға осы да ұқсастық па? Әрине, текстологиялық зерттеу керек. Бірақ. 1. «Өсиетнаманы» баспа арқылы шығарған М.Юмашков Шал ақынды білді ме? 2. Тілші ғалым 1970 жылы башқұрттардың қолынан Абайдың қолжазба жинағын тауып әкелді. Ендеше Дулаттың өлеңінің де Ақмолла ақын жырымен қоса таралмағанына кім кепіл?

Үшінші: «Өсиетнаманы» түгелдей жоққа шығара отырып, ғалым тек Байділдә қарттан жазып алған Шәкір Әбеновтің нұсқасына ғана сүйенеді. Ал қазір Дулаттың бұл өлеңдерін Шәкір жазған деп шаптығып жүргендер де бар. Шәкір ақынның өз ауызынан жазылып алынып, көзі тірісінде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған пікірі мынадай:

«– Е, бұлт адамның басына бір үйірілсе қашып құтылмайды екенсің. 1948 жылы тағы ұсталдым. Сақтаған Бәйішевтің соның алдында Мұхтарды, Есмағамбетті сынаған мақаласы газетке басылған. Соның ішінде: «Буржуазиялық-ұлтшыл, байшыл ақын Дулаттың өлеңдерін, «Еспембет» дастанын Есмағамбет Шәкірге әдейі тапсырма беріп жаздырды», – деп сынады. Сол маған айыптау материалы болды. Шуға қарай бой тасалап ем, бәрібір, құтылмадым. Тергеуші: «Сен осыларды ойдан шығардым. Ондай ақын жоқ деп бас тарт», – дейді. Бар нәрсені қалай жоқ дейсің. Академияның қолжазба қорына Дулат жыраудың 6000 жол өлеңін тапсырғаным рас. «Сен қазақтың мұңын Дулат боп жоқтап отырсың. Айт шыныңды», – деп ақырады. Рас, қолжазбаның ішінде «Бәйбіше туралы», «Тырнақтай кір қонған соң» деген өз өлеңдерім қоса тапсырылып кетіпті. Мен Дулатты қалай жоққа шығарамын. Ал «Сабырбай мен Байбаланың» айтысын өңдеп жазғаным рас», – дейді [6; 46]. Үшінші уәжге бұдан артық дәлелдің керегі шамалы. Ендеше: Дулаттың, сонымен қоса Шортанбай мен Бұқардың ақындық рухы мен мұрасын тулақша сүйреткеніміз жеткен сияқты. Оған Дулаттың да, Шортанбайдың да, Бұқардың да, Абайдың да түгі кетпейді. Енді олардың әруағы бізді тулақша сүйретіп жүрмесін — дегіміз келеді. Әрине, салықалы да салмақты зерттеулер мен мәтіндік салыстырулар қажет-ақ. Бірақ, барлық пайымдаулар мен тұжырымдар Дулатты, Шортанбайды, Бұқарды тұқырту үшін емес, тұлғаландыру тұрғысынан жасалғанда ғана аманаттың жолын қиянат кеспейді.

Абайдың астарлы сөздерінің көзге көрініп тұрған үш-төрт түйткілін ғана жеңілдете тілге тиек еттік. Терең талдап, дәйекті талдауға мақала жүгі көтермеді. Алайда бұл ешқашанда назардан тасатпейтін күрделі де маңызды мәселе.

Қорытынды

Сөз өнері саласында қандай да бір қағиданы қатаң ұстанатын ілім саласы бар ма? — деп сұрай қалса, әр қалам иесі, сөзсіз: — текстология, яғни, мәтінтану ілімі — деп жауап берер еді. Кейінгі ширек ғасырда сол ілімнің ыстық-суығын азды-көпті көрген менің өзім де, солай ойлайтынмын.

Арнайы дәріс жүргізгенде, дүниежүзіндегі текстологиялық сүзілімдер мен салыстырулар барысындағы әдіс-тәсілдерді жүйелей келіп, оның бұлжымайтын 27 қағидасы бар, сол әдіс-тәсілдің 21 шарты — орыс, 9 әдіс-тәсілі қазақ әдебиеттануында қолданылады — деп тәмсілдейтінмін. Бұған көне қолжазбалардың мәтінін оқуды қоссақ, қазақ ғалымдарының қолданған әдіс-тәсілі 17-ге жуық екен. Одан арғы он тәсілді меңгеруге, әзірше, мұршамыз келмейді, себебі біздің ғалымдарымыздың ғылыми-техникалық тұрғыдан жабдықталу мүмкіндігі шектеулі.

Деп, ой тұжырымдап келсек те, сол санаулы мүмкіндіктердің өзі қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырылып, ғылыми жүйеге түсіп, ілімдік сыпат алмапты. Әр кезеңде, әр тақырыптағы мәтіндік мәселелер туралы жекелеген жинақтар шығып, жекелеген тақырыптық мәселелер қозғалғанымен де, текстологияның өзінің теориясы мен ішкі әдіс-тәсілдері, оны игеру жолдарының ерекшелігі арнайы қарастырылмапты. Біз де оған тереңдеп бармаймыз. Тек, өзіміздің қолымыздағы қолжазбаларды мәтіндік-салыстыру барысында байқаған, жоғарыдағы 27 шарттың сыртында қалған бір мәселеге, тіпті, текстологияның өзі емес, сол текстологиялық талдауға арқау болатын қолжазбалардың тағдырының да мәтінтануға психологиялық тұрғыдан әсер ететін ықпалы болатыны туралы тәжірибені қаперге іле кеткіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы / Редакциясын қарап, түсініктерді, жаңа материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Ә.Жиреншин — Алматы: Қазмемкөркемәдеббас. — 1961. — 694 б.
- 2 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. 1–2 том / Жауапты ред.: З.Ахметов, С. Қирабаев. — Алматы: Жазушы. — 1995.
- 3 Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі / М. Әуезов // Абай. — 1992. — № 1–3
- 4 Страбон. География: [В 17-и кн.] / пер. с греч., вступ. ст. и комм. Г.А. Стратановского. — М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2004. — 639 с.
- 5 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. Монография / Қ. Өмірәлиев. Алматы: Мектеп. 1983. — 239 б.
- 6 Жұртбай Т. Өмір жылжып барады жүзге қарай. Шәкір Әбенев 90 жаста / Т. Жұртбай // Қазақ әдебиеті. — 1990. — № 7. — 46-56 б.

Т. Жұртбай

«Я тоже узнал его по ногтям...» (иносказательные тексты Абая)

В статье рассмотрены наиболее актуальные на сегодняшний день вопросы, касающиеся теории абаяведения. Произведения Абая изучены в текстологическом контексте. Дана оценка гражданской позиции Абая, которая до сих пор трактовалась негативно. Автор унифицирует и дифференцирует сведения, содержащиеся в исследованиях и мемуарах, повествующих о личной жизни Абая, сопоставляя их с архивным наследием. Были текстологически проанализированы такие стихи, как «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы», «Бай сейілді, бір бейілді», «Бойы былғаң, сөзі жылмаң» и «Сегізаяқ». Словам и словосочетаниям типа *қиуа, ақ иом, табытын қаққан, баспақ, саспақ*, которые имеют различную сферу применения и значение в контексте, даны объяснения касательно смысла. При этом принимались во внимание текстовые комментарии поэта, представленные в изданном собрании сочинений. Сделаны выводы относительно научной последовательности текстового анализа.

Ключевые слова: текстологический анализ, авторский подход, гражданская позиция, притча, поэтика.

T. Zhurtbay

«I also recognized him by his fingernails...» (Indirect words of Abay)

The article raises the most relevant issues related to Abai studies. Abai's poems were analyzed in a textual context. An assessment of Abai's civil position is given, which is still interpreted negatively. The author identifies and analyzes the information contained in the research and memoirs concerning Abai's personal life, compares them with the archival heritage. Was conducted textual analysis of such poems as «Olen-sozdin patshasy, soz sarasy», «Bay seyildi, bir beyiledi», «Boyi bilgan, sozy zhyلمان», «Segizayak». Explanations

were given about the words and phrases «kiya», «Ak shom», «Tabytyn», «kakkan», «saspak». The poems reflecting the poet's civic position were also analyzed. The text comments of the poet presented in the published collected works were taken into account. Conclusions about the scientific sequence of text analysis are presented.

Keywords: textual analysis, author's approach, civil position, parable, poetics.

References

- 1 Zhirensin, A. (1961). (Eds.). *Abai. Shygarmalarynyn bir tomdyq tolyq zhinagy* [*Abay. A complete collection of his works in one volume*]. Almaty: Qaznemekorkemadabbas [in Kazakh].
- 2 Ahmetov, Z. (1995). (Eds.). *Abai. Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy. Olender men audarmalar. Poemalar. Qara sozder. 1–2 tom.* [A complete two-volume collection of his works. Poems and translations. Poems. Words of edification. Volume 1–2]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 3 Auezov, M. (1992). *Abaidyn tuysy men omiri* [*Abai's relative and life*]. Abai [Abay], 1–3.
- 4 Strabon. (2004). *Geohrafiia: [V semnadsati knihakh]* [Geography in semnadsati books]. (Transl. H.A. Stratanovskoho). Moscow: OLMA-PRESS [in Russian].
- 5 Omiraliev, Q. (1983). *Qazaq poeziiasynyn zhanry zhane stili. Monografiia* [*Genre and style of Kazakh poetry. Monograph*]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 6 Zhurtbay, T. (1990). *Omira zhylzhyyp barady zhuzge qarai. Shakir Abenov 90 zhasta* [Life moves towards the hundred. Shakir Abenov 90 years old]. *Qazaq adabietii* [Kazakh literature], 7, 46–56 [in Kazakh].